

2026. 13 (2)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026

© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Asian Journal “Steppe Panorama”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 13. Is. 2, pp. 584-598, 2026
 Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_584-598

PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES

Rinat Kalimoldaevich Sharipov¹, Dosbol Suleymenovich Baigunakov². Azamat Abubakirovich Nurshanov^{3}*

¹Al-Farabi Kazakh National University
 (71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Doctoral student of Faculty of history
 <https://orcid.org/0009-0007-8023-0373>, E-mail: sharipovrinat1982@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University
 (71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of Historical Sciences, Professor, Dean of the Faculty of History.
 <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>, E-mail: dosbol_bs@mail.ru

^{3*}Gylym Ordasy (28, Shevchenko St., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 PhD, Deputy Director for Scientific and International Activities.
 <https://orcid.org/0000-0003-1955-644X>, E-mail: nurshanov.azamat@gmail.com
 Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026
 © Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. 2026

Introduction. This article examines certain aspects of the study of petroglyphs in the Shu-Ile Mountains, the specific features of the influence and the distinctive role of the landscape and the rock types on which the rock carvings were made. Within the framework of historical and cultural heritage, methodological approaches to the identification and scholarly investigation of diverse subjects are analyzed. The studied region of the Shu-Ile Mountains is not only valuable for its geomorphological diversity, but also represents a region of particular geological and historical-cultural significance in southeastern Kazakhstan, as, against the background of rock carvings, it contains historical information about the cultural and spiritual life of ancient settlers. Petroglyphs in these areas are mainly found on granite, quartzite, sandstone, and other hard rocks. *Research Objective.* To study and introduce into scientific circulation the features of the physical-chemical and geological properties of the rocks on which the rock images are located, to demonstrate the historical significance of the images, and to analyze their role in historical science. The petroglyphs found in the Shu-Ile Mountain region serve as evidence of the developed material culture of Late Bronze Age tribes and require more thorough scientific research. The main studied monuments are located in the Tanbaly and Almalý complexes, which provide expanded information and an


understanding of the everyday life, occupations, spiritual culture, and worldview of the ancient inhabitants of these places. The discovered petroglyphs can provide scientific data from the Bronze Age up to the ethnographic period of the Kazakhs. Each generation left and supplemented material and spiritual culture with its own creativity, leaving traces on the stones. In addition, it was precisely the archaeological landscape of these places that contributed to the historical and cultural development of the region. *Conclusions.* The collected material makes it possible to observe the mutual influence of one ancient culture on another; their distinctiveness and differences need to be classified and grouped. However, such studies are still insufficient for a clear identification of ancient groups of petroglyphs.


Keywords: Shu-Ile, Tamgaly, Almaly, petroglyphs, granite, quartzite, argillit, basalt, landscape


For citation: Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. Petroglyphic complexes in the chuli mountains: natural environment; sources of raw materials and manufacturing techniques // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 584–598. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_584-598

ШУ-ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАҢБАЛЫ МЕН АЛМАЛЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ, ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ

Ринат Қалимолдаұлы Шарипов¹, Досбол Сүлейменұлы Байғұнақов², Азамат Әбубәкірұлы Нұршанов^{3}*

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
(Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих факультетінің PhD докторанты
 <https://orcid.org/0009-0007-8023-0373>, E-mail: sharipovrinat1982@mail.ru

² Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
(Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих факультетінің деканы
 <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>, E-mail: dosbol_bs@mail.ru

^{3*} Ғылым ордасы
(28-үй, Шевченко көшесі, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD, директордың ғылыми және халықаралық қызмет жөніндегі орынбасары.
 <https://orcid.org/0000-0003-1955-644X>, E-mail: nurshanov.azamat@gmail.com

корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Шәрипов Р. К., Байғұнақов Д. С., Нұршанов А. А., 2026

Kіріспе. Бұл мақалада Шу-Іле тауларындағы петроглифтерді зерттеудің кейбір аспектілері, сондай-ақ жартас суреттері қашалып салынған ландшафт пен тас жыныстарының ерекшеліктері мен олардың ықпалы қарастырылады. Тарихи-мәдени мұра аясында әртүрлі сюжеттерді анықтау және ғылыми тұрғыда зерттеу әдістемелері талданады. Зерттеліп отырған Шу-Іле таулары өңірі тек геоморфологиялық алуан түрлілігімен ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ерекше геологиялық әрі тарихи-мәдени маңызы бар аймақ болып табылады. Себебі бұл өңірдегі жартас суреттері арқылы ежелгі қоныстанушылардың мәдени және рухани өмірі туралы құнды тарихи мәліметтер алуға болады. Бұл жерлердегі петроглифтер негізінен гранит, кварцит, құмтас және басқа да қатты жыныстарға қашалып салынған. *Зерттеудің мақсаты.* Жартас суреттері орналасқан тас жыныстарының физика-химиялық және геологиялық қасиеттерінің ерекшеліктерін зерттеп,

оларды ғылыми айналымға енгізу, сондай-ақ петроглифтердің тарихи маңызын ашып, олардың тарих ғылымындағы рөлін талдау. Шу-Іле таулары аймағынан табылған петроглифтер қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі тайпалардың дамыған материалдық мәдениетінің айқын дәлелі болып табылады және терең әрі жан-жақты ғылыми зерттеуді қажет етеді. Негізгі зерттелетін ескерткіштер Таңбалы және Алмалы кешендерінде шоғырланған. Бұл кешендер ежелгі тұрғындардың күнделікті өмірі, шаруашылығы, рухани мәдениеті мен дүниетанымы туралы кең көлемде мәлімет береді. Табылған петроглифтер қола дәуірінен бастап қазақтардың этнографиялық кезеңіне дейінгі уақыт аралығын қамтитын ғылыми деректер ұсына алады. Әрбір ұрпақ өз дәуірінің материалдық және рухани мәдениетін толықтырып, оны жартас беттеріне бейнелеу арқылы із қалдырып отырған. Сонымен қатар, бұл өңірдің археологиялық ландшафты ауданның тарихи-мәдени дамуына ерекше ықпал еткен. *Қорытынды.* Жиналған материалдар бір ежелгі мәдениеттің екіншісіне өзара ықпалын, олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын байқауға мүмкіндік береді. Дегенмен, петроглифтердің ежелгі топтарын нақты жіктеп, жүйелеу үшін мұндай зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Түйін сөздер: Шу-Іле, Таңбалы, Алмалы, петроглифтер, гранит, кварцит, аргиллит, базальт, ландшафт

Дәйексөз үшін: Шәрипов Р. К., Байғұнақов Д. С., Нұршанов А. А. Шу-Іле тауларындағы петроглифтік кешендер: табиғи ортасы; шикізат көздері және жасалу техникасы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 584–598 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_584-598

ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ТАМГАЛЫ И АЛМАЛЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ

Ринат Калимолдаевич Шарипов¹, Досбол Сулейменович Байгунаков², Азамат Абубакирович Нуршанов^{3}*

¹ Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(пр. Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан)
Докторант исторического факультета

 <https://orcid.org/0009-0007-8023-0373>, E-mail: sharipovrinat1982@mail.ru

² Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(пр. Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан)
Декан исторического факультета

 <https://orcid.org/0000-0003-3741-9721>, E-mail: dosbol_bs@mail.ru

^{3*} Ғылым ордасы, (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
PhD, заместитель директора по научной и международной деятельности.

 <https://orcid.org/0000-0003-1955-644X>, E-mail: nurshanov.azamat@gmail.com

автор корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А., 2026

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматриваются некоторые аспекты изучения петроглифов в горах Шу-Иле, особенности влияния и своеобразная роль ландшафта и каменных пород, на которых были высечены наскальные изображения. В рамках историко-культурного наследия проанализированы методические приемы выявления и научного изыскания многообразных сюжетов. Исследуемый регион Шу-Илийских гор не только ценен

своими геоморфологическим разнообразием, но представляет собой регион особого геологического и историко-культурного значения на юго-востоке Казахстана, так как имеет на фоне наскальных изображений историческую информацию о культурной и духовной жизни древних поселенцев. Петроглифы в этих местах встречаются в основном на граните, кварците, песчанике и других твёрдых породах. *Цель исследования.* Изучить и ввести в научный оборот особенности физико-химических, геологических свойств пород, на которых расположены наскальные изображения, показать историческое значение рисунков, проанализировать их роль в исторической науке. Петроглифы, найденные в районе гор Шу-Или, служат свидетельством развитой материальной культуры племён позднего бронзового века и требуют более тщательного научного исследования. Основные изучаемые памятники расположены в комплексах Тамгалы и Алмалы, которые дают расширенную информацию и представление о повседневной жизни, занятиях, духовной культуре и мировоззрении древних обитателей этих мест. Найденные петроглифы могут дать научные сведения начиная с эпохи бронзы и до этнографического периода казахов. Каждое поколение оставляло и дополняло своим творчеством материальную и духовную культуру, оставляя следы на камнях. Кроме того, именно археологический ландшафт этих мест способствовал историко-культурному развитию района. *Выводы.* Собранный материал позволяет наблюдать взаимовлияние одной древней культуры на другую, их своеобразие и различия необходимо классифицировать и группировать. Однако таких исследований пока недостаточно для четкого выделения древних групп петроглифов.

Ключевые слова: Шу-Иле, Танбалы, Алмалы, петроглифы, гранит, кварцит, аргиллит, базальт, ландшафт

Для цитирования: Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. Петроглифические комплексы в чу–илийских горах: природная среда, источники сырья и техника изготовления // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 584—598. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_584-598

Кіріспе

Алматы және Жамбыл облыстырының аумағында орналасқан Шу–Іле тауларының географиясы, оған кіретін аласа таулар, қырқалар, асулар мен жоталар кешені Іле Алатауының солтүстік-батыс сілемдерін қамтитындығын мамандар тарапынан айтылған болатын (Омаров, 208: 281–282). Ежелгі дәуірде адамдар осы өңірдегі тау жоталары мен беткейлерінде, асуларда орналасқан құз-жартастарға, шыңдарға, жартастар шоғырына суреттер салғандығы белгілі. Олар қазіргі таңда табиғат нысандарымен астасып, мәдени-тарихи ерекшелігі айқын көрінетін бедерлі орындарға айналып отыр. Мұндай табиғи-тарихи орындар Шу–Іле тауларында тіптен көптеп кездеседі. Осы аймақтағы жартас суреттері немесе петроглифтер көне кезеңдегі қауымдардың табиғи ортада жасаған бейнелік ақпаратын әспеттейді, тың дереккөзі бола алады әрі әлемдік тарихнамада ерекше археологиялық үлгі ретінде жоғары бағаланады. Көпшілік жағдайда мамандар жартас суреттерінің желісіне, жекелеген бедерлердің тарихи маңызына тоқталып, оны қоршаған ортамен, табиғи жайтармен немесе геологиялық жыныстармен өзара қиыстырып зерделей қоймайды. Негізінен алғанда, мұндай жартастағы шимай суреттер өз кезегінде жергілікті геологиялық жағдайлармен тығыз сабақтасып, табиғи тас материалдардың қасиеттерін шебер пайдалану арқылы қалыптасқан көркемдік дәстүрдің айқын куәсі болып табылады. Сол себепті оларды өзге салғасыра зерделеу бүгінгі күні өзекті тақырыптар қатарына кіреді.

Жартастағы кескіндердің ұзақ сақталуына табиғи орта факторлары мен тас жыныстарының физикалық ерекшеліктері әсер еткендігі анық. Осы себепті олар тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әртүрлі тарихи кезеңдердегі дүниетанымдық және мәдени кодтарды жеткізетін маңызды деректер кешені ретінде қарастырылуын орынды деп санаймыз. Осыған орай, Шу–Іле аймағындағы суреттердің археологиялық мәні – олардың нақты ландшафтта немесе геологиялық ортада орналасуымен қатар, белгілі мәдени-тарихи кезеңдерімен салыстыруға мүмкіндік беретін материалдық база қалыптастыруында деген

пікірдеміз. Соңғы жылдары бұл өңірдегі петроглифтер ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттелінуде. Қазіргі далалық зерттеулер археологиялық деректерге ғана емес, сондай-ақ тау жыныстарының құрамын, олардың өзгеру динамикасын және климаттық жағдайлардың әсерін қоса қарастыратын геологиялық талдауларға сүйенеді. Мұндай көпқырлы зерттеу тәсілі суреттердің жасалған уақыты, олардың технологиялық ерекшеліктері мен тарихи мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Шу–Іле тауларындағы бейнелер қола дәуірінен бастап кейінгі кезеңдерге дейінгі қоғамдардың рухани өмірі, мифологиялық түсініктері және әлеуметтік құрылымдары туралы деректер береді. Өңірдегі петроглифтер мәдениеттердің өзара ықпалын, көркемдік дәстүрлердің өзгерісін және аймақтағы көне қауымдастықтардың дүниетанымдық қабаттарын зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды ескерткіштер қатарында.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі

Жұмыстың методологиялық негізін тарихи және жалпығылыми зерттеу әдістерінің өзара жиынтығы құрайды. Ең алдымен тарихилық, жүйелілік принциптері басшылыққа алынып, тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалы әдістерге кеңінен ден қойылды. Тарихилық принципі арқылы тарихи шындыққа қол жеткізуге ұмтылыс жасалып, тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы осы уақытқа дейін жүргізілген ізденістер барысы, өткені, жартас суреттері ескерткіштерін құжаттау, тарихын қалпына келтіру, ғалымдардың мәдени-хронологиялық атрибуцияларға қатысты ұстанымдарын айқындау, т.б. жайттар нықтыланды. Жұмыста деректанулық талдау кеңінен қолданылады. Ол тасқа түскен бедерлердің деректанулық әлеуетін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар шикізат көздеріне, табиғи жағдайларға және ландшафттануға қатысты сауалдарды айқындауға да септігін тигізді.

Дегенмен, жұмыста дәстүрлі археологиялық зерттеулерге қолданылатын барлық әдіс-тәсілдер қамтылды. Олардың арасынан мақаланың ерекшелігіне, мақсаты мен міндеттеріне орай бірқатарына жеке-жеке тоқтап кетуге де болады. мәселен, зерттеу жұмысы бірнеше кешенді әдістерді қамтыған, олардың қатарында далалық археологиялық экспедициялар, петрографиялық талдау, сондай-ақ стилистикалық және хронологиялық салыстырмалы зерттеулер бар.

1. Далалық археологиялық жұмыстар. Зерттеудің негізгі бөлігі 2024 жылы «Таңбалы» мұражай-қорығы ұйымдастырған экспедиция барысында жүзеге асырылды. Барлау жұмыстары кезінде Алмалы кешенінің аумағында маршруттық түсірімдер жасалып, петроглифтердің орналасу ерекшеліктері мен геоморфологиялық сипаттары жазбаша және фотограмметриялық түрде тіркелді. Әрбір петроглиф тобы үшін GPS координаталары белгіленіп, олардың морфологиялық сипаттары (беткейдің бедері, көлбеулік, беткі қабаттың күйі) талданды.

2. Петрографиялық талдау. Петроглифтер орналасқан жыныстардың түрін анықтау үшін визуалды зерттеу жүргізілді, олардың дені: аргиллитті құмтас, базальт және метаморфтанған туфтар секілді шикізаттар. Оларды зерделеуде тығыздық, түйіршіктілік, түс ерекшеліктері және патинаның болуы сияқты негізгі белгілері мен қасиеттері бағаланды. Бұл зерттеу петроглиф салынған жыныстың құрылымдық ерекшелігі мен оның өңдеуге икемділігі арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік берді.

3. Техника-технологиялық талдау. Петроглифтердің салыну әдістері олардың беткі морфологиясы арқылы талданды. Негізгі үш әдіс анықталды. Олар: соққы (пикетаж) әдісі, ол бұдыр бет пен анық емес жиектері бар бейнелерге қолданылған; қырнау (сызып салу) әдісі: жіңішке және айқын контурлы сызықтармен ерекшеленетін суреттерге тән; гравировка (терең ою): тастың үстіңгі қабаты алынған композициялар, күрделі суреттерге арналған. Ғылыми әдебиеттерге қарағанда әрбір әдіс петрографиялық материалға байланысты далалық ізденістерде кеңінен қолданыс тапқан: мысалы, жұмсақ аргилиттерде пикетаж, ал қатты базальтта гравировка басым болған.

4. Стилистикалық және хронологиялық талдау. Петроглифтерді мерзімдеу және мәдени-тарихи контексте орналастыру үшін салыстырмалы стилистикалық әдіс қолданылды.

Бейнелердің тақырыптық мазмұны (андар, адам бейнелері, таңбалар) мен орындалу стилі бұрынғы хронологиялық шкалалармен (қола дәуірі, ерте темір дәуірі, орта ғасырлар) салыстырылды. Бұл тәсіл әр дәуірдегі петроглифтер эволюциясын бақылауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда ұсынылған әдістер кешені Шу-Іле тауларындағы петроглифтерді тек техникалық тұрғыдан ғана емес, мәдени және тарихи контексте жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Талқылау

Тас дәуірінен бері келе жатқан жартас суреттері ғажайып тарихи дереккөздерінің бірі болып табылады. Мұндай өнер туындыларында әр заманның мәдениеті, оларды қалдырған адамдардың дүниетанымы, қоршаған ортаға деген көзқарастары, күнделікті тыныс тіршілігі көрініс табады. Сондықтан да петроглифтер адамзат қоғамындағы даму заңдылықтары тарихын түсінуге молынан септігін тигізеді. Әлемдік тарихнамадағы осындай алуан түрлі деректемелер қоры Қазақстан аумағынан да көптеп табылып, зерделеніп келеді. Солардың бірі – Таңбалы тас археологиялық кешені. Ол – Орталық Азиядағы ең ірі және маңызды кешендердің бірі. Аталған тарихи-мәдени кешен б.з.д. XIV–XIII ғ. мен XIX–XX ғғ. соңына дейінгі кезенді қамтитын жүзге жуық әртүрлі нысандарды (қоныстар, қорымдар, тас қазбалар, культтік құрылыстар мен петроглифтерді) біріктіреді. Кешеннің кеңістіктік құрылымы қола дәуірінен бастап қалыптасқан культтік және тұрғын аймақтардың айқын функционалдық бөлінуін көрсетеді. Әркелкі нысандардың бір аймақта шоғырлануы ең алдымен оның тарихи-географиялық тұрғыдан өмір сүруге қолайлы болуынан екендігі бәсенеден белгілі.

Мәселе бойынша осы уақытқа дейін тек бірен-саран ғылыми еңбектер жарыққа шықты деуге болады: Дьяконов М.М. (Дьяконов, 1956), Шер Я.А. (Шер, 1980, Маргулан А.Х. (Маргулан, 1986), Самашев З., Жетібаев Ж. (Самашев, Жетібаев, 2005), Қуандықов, Б., Байпаков, К., Құрманқұлов, Ж. (Қуандықов, Байпаков, Құрманқұлов (2011). Мұның өзі қарастырылып отырған тақырыптың көкейкестілігін тағы бір рет айқындай түседі.

Аталған кешен Қазақстандағы алғашқы кәсіби археологтардың бірі А.Г. Максимова тарапынан 1950–1960 жылдары зерттелінген. Археолог А.Г. Максимова басқарған археологиялық экспедиция Таңбалы мен Қаракұдық II қорымдарын, сондай-ақ Таңбалы 1–3 және Ащысу қорымдарын қатарынан бірнеше жыл бойы қазып зерттеген болатын. Ерекше мәнге ие ескерткіштердің бірі б.з.д. XIII–X ғасырлармен мерзімделетін Қаракұдық II қорымы болып табылады. Мұнда қайтыс болған ересек адамдар мен жас балаларға арналған цисталар мен тас жәшіктер, ішінара кенотафтар аршылған. Қорымдағы бір тас жәшік қабырғасынан Таңбалыдағы ең ерте петроглифтерінің бірі – текенің бейнесі шекілген. Жақын аймақтан сақ дәуіріне жататын үш культтік қоршау анықталған, олардың бірінде сирек кездесетін «бұғы тасы» орнатылған. Мұндай бұғы тастары Моңғолия мен Алтай жерінде кеңінен кездеседі, ол ежелгі көшпелі тайпалардың алыс аймақтарға қоныс аударғанын, мәдени ықпалын көптеп таратқандығын да нақты көрсетеді. Айта кететін бір жайт, ерте темір дәуірі мен орта ғасыр қорғандарынан табылған заттар саны шектеулі, олардың дені, негізінен, керамика мен металл бұйымдардан тұрады. Осы кешендегі «мұртты» қорған өзіне ерекше назар аудартады, алайда әлі күнге дейін оның нақты функциялық мәні пікір-сайыс туғызып келеді. Сонымен қатар бүгінгі таңда Қаракұдық II қорымы оңтүстік өңірдегі алғашқы рет толыққанды зерттелінген андроновтық ескерткіштердің бірі болып саналады (Максимова, 1958:53).

Тоқтала кететін бір жайт, Таңбалы каньоны кешеннің культтік орталығы болып табылады. Мұнда бес ірі петроглифтік топ шоғырланған. Каньон маңында көлемді некрополь орналасқан. Тұрғын аймақ перифериялық бөлікте орналасып, онда маусымдық және тұрақты қоныстар, мал қоралары мен өзге де шағын мәдени кешендер анықталған. Аймақтағы көне қоныстар негізінен биік, күнгей беткейлерге орналасқан және мұның өзі сол замандардағы қауымдардың табиғи жайттарды ескергендігін, онымен етене жақын болғандығын нақты

айғақтайды. Сонымен қатар зерттеушілер мұндағы қоныстардың көбіне қысқы маусымда пайдаланылғандығын жорамалдап отыр (Максимова, 1958:55).

Аталып отырған табиғи-тарихи аймақтағы қола дәуірінің жеті қорымы (Таңбалы 1, 2, 4–7 және Қаракұдық 2) андроновтық мәдени қауымдастық өкілдеріне тиесілі. Жерлеу құрылыстары тас жәшіктер мен цисталардан тұрады, керамикасы мен әшекейлері Орталық Қазақстан мен Жетісудың андроновтық нұсқаларымен үйлеседі (Құрманқұлов, Байгунаков 2008:32). Бұл материалдар аймақ халқының миграциялық және диффузиялық жолмен қалыптасқанын көрсетеді.

Мұндағы петроглифтер шоғыры кешеннің ең маңызды және көлемді бөлігін құрайды. Бейнелер пикетаж және гравировка әдістерімен жасалған (Samashev, Aitkali 2022:182). Хронологиялық тұрғыдан олар қола дәуірінен бастап XX ғасыр ортасына дейінгі кезеңді қамтиды: орта қола, кейінгі қола, ерте сақ, ерте темір дәуірі, түркі, жоңғар және қазақ кезеңдері.

Ең ірі топ – «Таңбалы типі» петроглифтері. Олар әдетте 5 мм шамасындағы тереңдікте нүктелі оймышпен орындалады, сонымен қатар қашалып түсірілген көптеген бейнелерде натурализм жоғары деңгейде байқалады. Бұл топта зооморфты бейнелер (бұқа, жылқы, құлан, теке, қасқыр, ит, т.б.) және антропоморфты кейіпкерлер (күнбасты құдайлар, шоқпар ұстағандар, «киінгендер», адоранттар, т.б.) кездеседі. Бейнелердің пропорциялары, қимыл-қозғалысы және композициялық шешімдері олардың біртұтас көркемдік дәстүрін көрсетеді. Мұндай сипаттар көбіне Жетісудың орталық және оңтүстік бөліктеріне тән болып келеді. Ал екінші топ – кейінгі қола дәуіріне жататын бейнелер. Олардың басым бөлігі Ешкіөлмес және Алтай жеріндегі шимай суреттермен сабақтас екендігі кеңінен байқалады (Марьяшев, Горячев 2002:264), (Горячев, Сараев, Егорова, (2023), (Үшінші сирек топ – Моңғолияның «бұғы тас» стиліндегі бейнелер (Bayarsaikhan, 2021:47). Хронологиялық тұрғыдан ең ерте кезге жататын суреттер б.з.д. XIV–XIII ғасырлармен мерзімделеді. Төменгі мерзім Таңбалы I қорымындағы алакөлдiк-бiшкүлдiк кешендермен байланысты болып келедi, яғни бұл бейнелер кейiнгi дәуiрлерде де жаңартылып немесе үстiнен қайта салынған болуы мүмкiн. Мамандар тарапынан жоғарғы мерзім петроглифтердің стратиграфиясына сәйкес анықталған, бұл туралы Рогожинскийдің зерттеулері дәлелдейді: стильдік ерекшеліктер мен стратиграфиялық қабаттар петроглифтердің хронологиялық шкаласын белгілеуге мүмкіндік береді (Zheleznyakov, Saratayev, Biver, 2020). Сонымен қатар, соңғы зерттеулер Моңғолия мен Қазақстандағы аналогтық бейнелерді салыстыра отырып, суреттердің Қола дәуірінің мәдени контекстінде пайда болғанын көрсетеді (Damchaabadgar, Basandorj, Natsag, 2023; Jamsranjav Houle, 2024). Таңбалы типіндегі суреттер б.з.д. XII–X ғасырларға жататын кейінгі қола дәуірі петроглифтерімен және ерте сақ кезеңіндегі «бұғы тас» стиліндегі суреттермен үндеседі (Bayarsaikhan, 2021:47). Мұның өзі олардың қысқа уақыт аралығында жасалғанын және де мәдени тұрғыдан өзара екі дәуір өкілдерінің тарихи-генетикалық байланыста болғандығын нақты көрсетеді. Ал тарихи-археологиялық нысандағы IV топ ерекше мәнге ие, шекіліп түсірілген сюжеттері мен жекелеген бейнелеріне қарағанда ол кешеннің негізгі көркемдік-семантикалық орталығы болып табылады. Әсіресе мұндағы күнбасты бейнелер мен күрделі композициялар ежелгі дүниетанымның маңызды көрінісінен молынан ақпарат береді дей аламыз.

Жартас суреттерінің қашалып түсірілуіне оның табиғи жай-күйі, ландшафты және құз-жартас жыныстарының алуан түрлілігі өзіндік әсерін тигізген. Каньонның табиғи құрылымы тік беткейлерден, арынды шатқалдардан, сатылы террасалар мен тар өткелдерден тұрады. Мұның өзі петроглифтердің белгілі бір кеңістікте орналасуына әсерін тигізген. Мыңжылдықтар бойы осы нысандардағы биіктеу келген тегістіктерге орналастырылған мәдени-тарихи паннолар табиғи галерея әсерін де қалдырады.

Техногендік үдерістер нәтижесінде кешеннің кейбір бөліктері қиратылғандығын да айта кеткен жөн. XIX–XX ғасырларда Таңбалы аймағында қазақ қыстаулары көбейді және тың игеру кезеңінде де қоныс аударушылар ағылып келді. Адамдардың көбеюі мен шаруашылықтың қарқынды жүруі нәтижесінде бірқатар нысандар бұзылып, петроглифтері

бар тастар құрылысқа пайдаланылды. Дегенмен кейіннен Таңбалы киелі орын ретінде сақталып қалды, мұнда ұзақ жылдар бойы жергілікті халық тарапынан дұға жасау, құрбандық шалу және таңбалар қалдыру дәстүрі жалғасып жатты. XX ғасыр соңында жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғана кейіннен петроглифтер мемлекеттік қорғауға алынды.

Тағы да бір айта кететін жайт, Шу-Іле тауларындағы жартас беттеріндегі суреттерді салуға арналған тау жыныстарының ерекшеліктері болып табылады. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, Таңбалы, Таңбалы-Тас, Қаратау және басқа да жоталарда екі негізгі типке бөлінеді (Мушкетов, 1906). Біріншісі, аргиллитті құмтастар – ұсақ түйіршікті, құрамында саз және құм бар жұмсақ құрылымды жыныс. Бетінде қара қошқыл патина (табиғи тотығу қабаты) қалыптасады, бұл қабатты ойып сурет салуға мүмкіндік береді және бейнелер ұзақ уақыт сақталады. Екіншісі, базальт пен метаморфтанған туфтар. Олар – қатты, тығыз құрылымды вулкандық жыныстар. Бұл тастардағы патина қалың және тұрақты, сондықтан ортағасырлық және кейінгі кезеңдердің суреттері жақсы сақталған.

Сонымен қатар, жартас суреттерінің техникасы және қолданылған құралдар ерекше көзге түседі (Нурғалиева, 2024). Негізгі әдіс – патинаны соққы арқылы қашап, ашық қабатты көрсету. Ал негізгі қолданылған құралдар – тас немесе металл балғалар мен қашаулар. Кей суреттер сызып, қырнап салынған, сызық тереңдігі шамамен 1–2 мм, диаметрі 10–15 см-ге жетеді.

Сондай-ақ, атмосфералық және түстік ерекшеліктерін де атап кеткен абзал. Патина – жартастың бетінде табиғи қара қабық, сурет салынғанда астындағы ашық қабат көрінеді, уақыт өте қайта тотығып, сурет қоңырланады. Ең ерте суреттер – қою қара немесе қызғылт-қоңыр, кейінгілері – ашық сары, сұр түсте кездеседі.

Петроглифтерді салу әдістері де назар аударуға лайық. Шу-Іле тауларындағы петроглифтерді зерттеген ғалымдардың айтуынша (Рогожинский, Тишин, 2018:77), олар бірнеше негізгі тәсілмен орындалған: а) соққы әдісі (пикетаж): тасты қатты құралмен үнемі соғып немесе қашау арқылы бейнелеу (Rogozhinskiy 2024:12). Көбіне беті бұдыр, шеттері анық емес. Бұл әдіс ерте қола дәуірінен бастап кең таралған; ә) қырнау (сызып салу): қатты үшкір құралмен жартас бетіне сурет сызу немесе қырып салу, бейнелер жіңішке әрі айқын көрінеді; б) гравировка (терең ою): тастың үстіңгі қабаты алынып, композиция осылай айқындалған. Бұл әдіс жоғары шеберлікті талап етеді. Ежелгі шеберлер петроглифтерді салу үшін шақпақтас, кварц, мыс немесе қола құралдарын пайдаланған. Шу-Іле тауларындағы жартас беті көбіне гранитоид немесе магмалық тау жыныстарынан тұрады, бетінде уақыт өте пайда болған патина суреттердің анық көрінуіне ықпал етеді (Рогожинский, 2020: 37-48).

Шу-Іле тауларындағы жартас суреттеріне тән стиль және техникадағы өзгерістерді де қаперге алуға болады. Мысалы, қола дәуірінің шимайлары: аңшылық көріністерден тұрады, ал суреттер көбіне соғу әдісімен шекіле бастайды; темір дәуірі: композициялар күрделене түседі де, бұрынғы сурет салу техникасы жетілдіріледі; орта ғасырлар: адамдар мен салт атты жауынгерлер бейнелері көбейіп, сызу әдісі басым болды (Rogozhinskiy, Tishin 2018:79). Бір айта кететін нәрсе, техникалық жетілу қоғамның даму деңгейі мен құралдардың сапасына байланысты өзгеріп отырған.

Осы аралықтағы Шу-Іле тауларындағы жартас суреттерінің негізгі хронологиясы және шикізат көздері былайша өрбітіледі: Қола-ерте темір дәуірлерінде аргиллитті құмтастарға салынған аң стиліндегі бейнелер жиі кездеседі, ал орта ғасырларда базальт пен туфқа салынған буддалық жазулар, антропоморфты бейнелер (Таңбалы-Тас) кеңінен тарай бастайды. Жаңа және қазіргі заманға тән бедерлер қатарына халықтық жазбалар, ою-өрнектер, ту-тайпа таңбалары, туристік жазулар және т.б. жатады (Rogozhinsky, 2024; Esin, Magail, Yeruul-Erdene, Gantulga, 2017).

Сурет салынған жартастардың қасиеттеріне де тоқтала кеткен абзал. Әдетте, қатпарлы құмтастар (аргиллит) – жұмсақ, өңдеуге ыңғайлы, сулы және желді климатта жақсы сақталады, қабаты бірнеше деңгейлі болып келеді. Мұндай жартастардағы бедерлердің қазіргі жай-күйіне ғана тоқталып отырғандықтан, біздің тарапымыздан шимайдың жасалуы мен техникасына ғана осылаша сипаттап отырмыз. (сур. 1). Яғни аргиллит жартас суреттерін

салудағы негізгі сынды шикізат көздерінің бірі болып табылады. Ал базальт пен туф – қатты, ұруды қажет етеді, уақыт өте келе шимайлар қарая түседі, бейнелер анық көрінеді, жасалу техникасына қарағанда олардың сақталу мерзімі 500–700 жыл шамасында болып келеді. Мысалы, Іле өңіріндегі Таңбалыдағы Будда бейнесі кейінгі орта ғасырлар уақытымен мерзімделінеді (сур. 2). Ол туралы көптеген ғылыми ақпараттар бар. Алайда бізге бұл бедердің сақталуы, оны келесі ұрпақтарға жеткізу жолдары қызықты болып отыр. Бүгінгі күні аталған бедер және оның маңындағы жазу-сызулар, ою-өрнектер базальт, туф секілді шикізат көздеріне шекілгенін аңғарамыз. Аргиллитке қарағанда бұл шикізат көздерінің сақталуы анағұрлым қысқарақ саналады. Мұның өзі жартас суреттері сынды археологиялық нысандарды келесі буынға жеткізудің қоғам алдындағы көкейкестілігін де көрсетеді. Мұндай сақталу мерзімі мамандар тарапынан үнемі қадағалануы, қажет болған жағдайда оларды сақтаудың оңтайлы жолдарын қарастыруды керек етеді.



Сурет 1. Таңбалы шатқалы. Бұқа үстіндегі күн басты бейнесі. Қазіргі жай-күйі (<https://tanbaly.kz/kz/petroglyphs>)
Fig 1. Sun-headed deity on a bull. Tamgaly Petroglyphs (<https://tanbaly.kz/kz/petroglyphs>)



Сурет 2. Таңбалы тас шатқалы Будда бейнесі (<https://tanbaly.kz/kz/petroglyphs>)
Fig 2. The image of Buddha in the Tamgaly Tas tract (<https://tanbaly.kz/kz/petroglyphs>)

Біздің мақаланың мақсаты жартас суреттеріндегі сюжеттер, образдар мен ақпараттық мәліметтерді талдау емес болғандықтан жоғарыда көрсетілген суреттерге (сур. 1 және сур. 2) біз тек петроглифтердің қазіргі жай-күйін көрсету мақсатында беріп отырмыз. Сол себепті авторлар тарапынан шикізат көздеріне, петрографиялық талдауға басымдық берілгендігін айта кеткен ләзім.

Сонымен қатар, біздің ұсынысымыз: жартас суреттері салынған тау жыныстарын, яғни шимайлар түскен шикізат көздеріне назар аударып, жыныстардың табиғи жағдайларда бұзылуы ықтимал мерзімді анықтап, дер кезінде сақтау жұмыстарын атқарып отырған абзал. Яғни, музейлендіру барысында ең алдымен шикізатты анықтап, олардың табиғатына, сақталу кеңістігіне баса мән берген жөн.

Зерттеу нәтижелері

2024 жылы «Таңбалы» музей-қорығы ұйымдастырған экспедиция далалық маусымда археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Зерттеу негізгі аумағы Қарабастау ауылынан оңтүстікке қарай 8–10 км қашықтықта, шығысында Алмалы өзені мен батысында Қызылқайнар өзенінің аралығында (шамамен 15 км) орналасқан, 50 шаршы км-ден астам аласа таулы жерді қамтыды. Бұл аймақта әр дәуірге жататын археологиялық ескерткіштер, соның ішінде петроглифтер, қоныстар мен қорымдар ең көп шоғырланған – Алмалы өзенінің алқабы. Сол себептен бұл өңірдегі ескерткіштер біртұтас палеомәдени ландшафт немесе «Алмалы кешені» деп қарастырылды, дегенмен кешеннің нақты шекарасы мен құрамына кіретін барлық нысандар әлі толық зерттелмеген.

Алмалы өзені аңғарындағы алғашқы археологиялық барлау 2018–2019 жылдары Рогожинский жетекшілігімен, Орталық Азиядағы петроглифтерді зерттейтін халықаралық жоба (ICAS) аясында жүзеге асырылған (Rogozhinskiy, 2024; Рогожинский, Тишин, 2018). Бұған дейін, Таңбалы шатқалына жақын орналасуына қарамастан, бұл өңірде зерттеу жүргізілмеген болатын. 2000-жылдардың басында Шу-Іле тауларының оңтүстігінде жүргізілген зерттеулер барысында Кұлжабасы, Аққайнар сияқты ірі петроглифтік орындар ашылғанымен, Алмалыдағы нысандар зерттелмей қалған.

Алмалы аумағында археологиялық барлау жұмыстарын бастауға 1909 жылы Жетісудағы табиғат зерттеушісі, биолог В.Е. Недзвецкийдің жазбалары түрткі болды (Недзвецкий, 1909). Ол Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігін зерттеген сапарында Алмалының жартас сілемдері арқылы жүріп, кейіннен өз еңбегінде аталып отырған өңірдің бірқатар ерекшеліктеріне тоқтала кеткен. Ол Алмалыны қолдан жасалған арықтар мен жабайы алма бақтары бар, сол дәуірде Ботпай болысының болыс басқарушысының резиденциясы орналасқан мекен деп сипаттаған. Сондай-ақ, «Алмалы» топонимі құрғақ әрі су тапшылығына ұшыраған Шу-Іле тауларында сирек кездесетінін атап, аймақтың табиғи және тарихи-мәдени маңыздылығына назар аударған.

Соңғы жылдардағы далалық зерттеулер Алмалы аңғарында әртүрлі дәуірлерге жататын көптеген ескерткіштер шоғырланғаны анықталды. Бұл аласа таулы ландшафта қола дәуірінен Жаңа заманға дейінгі кезеңдерге тиесілі қоныстар, қорғандар мен петроглифтер кездеседі. Алғашқы зерттеулердің нәтижесінде Алмалыда, Шу-Іле тауларының басқа аймақтарымен салыстырғанда, Жаңа заман кезеңіне тиесілі ескерткіштердің ерекше шоғырланғаны байқалды. Ең бастысы – көптеген петроглифтер, тибет және моңғол жазулары бар таулы қоныстар. Сондай-ақ XVII–XVIII ғғ. араб, тибет және ойрат жазуларымен, әртүрлі графиттермен белгіленген бақылау-бекініс орындары табылды. Мұнда XIX ғасырдың бірінші жартысына жататын қазақ төрелерінің (Шыңғыс әулеті) және Ұлы жүздің дулат тайпасының таңбалары да кездеседі. Бұл аймақ көшпелілердің Шу мен Іле аңғарларын байланыстыратын маңызды жолдарды бақылаған орталығы болған болуы ықтимал.

Алдын ала зерттеу нәтижелері Алмалы кешенінің археологиялық ескерткіштерінің алуан түрлі екенін көрсетті. Қазіргі уақытта анықталған тарихи-мәдени нысандар мемлекеттік қорғауға алынбаған және жергілікті атқарушы органдардың тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын ала тізіміне енгізілмеген. Сондықтан археологиялық зерттеудің басты мақсаты – тарихи-мәдени нысандарды тіркеу және зерттеу, олардың бастапқы деректерін

(географиялық координаттар, атауы, типологиясы, мерзімі, техникалық жай-күйі, фотосуреттер) жинау. Бұл деректер болашақта Жамбыл ауданы (Алматы облысы) аумағындағы «жергілікті немесе республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізу үшін қажет.

2024 жылғы далалық жұмыстың негізгі мақсаты – Алмалы археологиялық ландшафты аумағында тарихи-мәдени нысандар туралы бастапқы мәлімет жинау және ауданның археологиялық картасын жасау болды. Жаяу және автокөлікпен жүргізілген барлау маршруттары Шолақжартас шатқалының батысына қарай, Қопа станциясы – Қаншенгел ауылы бағытында жүргізіліп, Алмалы кешенінің шығыс және орталық бөліктерін (шамамен 40 шаршы км) қамтыды. Ескерткіштерді зерттеу және құжаттау жұмыстары «Таңбалы» музей-қорығы қызметкерлері мен экспедиция қатысушылары тарапынан жүзеге асырылды (Geological Survey of Kazakhstan, 2025).

Далалық ізденістер барысында Алмалы кешенінен шамамен 150 археологиялық нысан тіркелді: 50 шақты қоныс және тұрақтар, 13 қорғанды қорым, 60-тан астам петроглифтік орындар (Рогожинский, Калдыбаева (2024), 11 эпиграфикалық ескерткіштер (Ожерельев, Сала, Деом и др. 2025).


Зерттелген аумақта әртүрлі типтегі ескерткіштердің белгілі бір рельеф және жер бедерімен байланысы байқалады, олар функционалдық-типологиялық топтарға бөлінген. Мысалы, ірі қорғанды қорымдар (10 немесе одан көп тас-топырақ үйінділерінен) аласа таулар шекарасындағы жазықтарда орналасады. Жекелеген қорғандар тізбектері Алмалы мен Қызылқайнар аңғарларында немесе көне террасаларда кездеседі. Көп бөлігі шағын қорған топтары мен жеке қорғандардан тұрады, олар әдетте жота асулары мен шыңдарға орналастырылған. Қорымдардың алдын ала анықталған мерзімі ерте темір дәуірі мен орта ғасырларды қамтиды.

Ал қоныстар көбінесе таулы ландшафта орналасқан, көбіне эрозиялық аңғарлар мен өзен аңғарларының террасаларына сәйкес келеді. Қоныс алаңдары оңтүстік немесе оңтүстік-батысқа бағытталған, тау аңғарларының беткейлері арқылы желден қорғалған, бұл олардың көбінесе маусымдық (қыстау) болғанын көрсетеді. Геоморфологиялық белгілер мен қоныс бетінде кездескен әр дәуірлік археологиялық олжалар олардың көпқабатты екенін, яғни екі-үш дәуірдің мәдени қабаттарын қамтитынын дәлелдейді.

Тау шатқалдары мен биік жоталардан құралған күрделі рельефте қоныстар аз болса да, олардың барлығы көпқабатты. Қоныс маңындағы тастарда, жота бойларында, негізгі шыңдардың оңтүстік және батыс беткейлерінде Алмалы кешенінің ең көп петроглифтері шоғырланған. Мұнда сақ дәуірі мен көне түркі кезеңінің ең көрнекті жартастық өнер туындылары табылған. Сонымен қатар, тұрақ маңдарында, асулар мен шыңдарда орта ғасырлық және жаңа дәуірдегі таңбалар мен жазбалар да жиі кездеседі.


Кешеннің шеткі аймақтарында біртұтас елді мекендік топография байқалады – бұл орталық бөлікті жартылай шеңбермен қоршап, Алмалы өзенінің оң жағалауы мен 896,7 м биіктегі тау арасындағы аңғарға бөлінген. Буферлік аумақта кейбір жеке тастар мен шағын топтарда көркемделмеген петроглифтер кездеседі, сирек жеке қорғандар бар. Солтүстік-батыста – Қарашақыл тауы мен Қызылқайнар өзенінің жоғарғы ағысы – әртүрлі тарихи кезеңдердің ескерткіштері ең көп шоғырланған аудан ретінде ерекшеленеді.

Тау шыңында және етегінде Алмалы (сур. 3) кешеніндегі ең ірі петроглиф шоғыры – 2000-нан астам сурет анықталған. Ерекшелігі – олар құмтас емес, жылтыратылған және патинамен жабылған алеврит тастарға қашалған. Мұздан қалған малтатас жыныстар таудың басы мен баурайын толық жабады. Бұл минералдық жағынан мінсіз тастарда қола дәуірі мен сақ кезеңінің шеберлері жүздеген жоғары сапалы жартастық гравюралар жасаған, әсіресе аң стилінде бейнеленген жануарлар жиі кездеседі (сур.4).



Сурет 3. Алмалы шатқалының картасы. Google maps қосымшасынан алынып, Р.Шарипов тарапынан қосымшалар енгізілген

Fig 3. Map of Almaly Gorge. Taken from the Google Maps application and supplemented by R. Sharipov.



Сурет 4. Алмалы шатқалының картасы. Google maps қосымшасынан алынып, Р.Шарипов, А.Рогожинский, т.б. тарапынан археологиялық нысандар түсірілген

Fig 4. Map of Almaly Gorge. Taken from the Google Maps application, with archaeological sites marked by R. Sharipov, A. Rogozhinsky, and others.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Таңбалы мен Алмалы кешендерінде орналасқан ескерткіштер Шу-Іле тауларын бірнеше мыңжылдықтар бойы мекендеген қауымдардың тыныс-тіршілігінен, күнделікті қаракеттерінен, заттай және рухани мәдениетінен, дүниетанымынан хабардар ететін қызықты мәдени-тарихи шағын аудандар болып табылады. Таңбалы өңіріндегі археологиялық нысандар өткен ғасырдың екінші жартысынан бергі уақытта біршама жақсы зерттелінді деуге болады. Ал Алмалы өңірін мекендеген ілкі қауымдардың мәдениетін зерттеу енді ғана басталды. Мұндағы ескерткіштер кешені әр алуандығымен ерекшелінеді. Олар түрлі мәдени-тарихи кезеңдерді қамтиды. Кешендер арасында петроглифтердің көптеп кездесуі рухани мәдениетті зерделеудің мүмкіндіктерін арттыра түседі. Сонымен қатар

аталған екі кешен де белгілі бір археологиялық ландшафтты құрайды. Әсіресе Алмалы мәдени-тарихи ауданының ерекше қыры, мұнда көшпелі мәдениеттің әртүрлі әрі жарқын ескерткіштерінің бір аумақта шоғырлануы болып табылады. Ол қола дәуірінен бастап қазақ этнографиялық кезеңіне дейінгі тарихи дамуды айшықтайды. Алайда, ең басты назар аударатын жайт – бұл өңірдегі көне түркі кезеңіне жататын көптеген қоныстар мен тұрақтардың болуы, олардың ішінде Батыс Түрік қағанаты, түркештер мен қарлұқ билеушілерінің тиындарынан белгілі көшпелі элитаның таңбалары бар ескерткіштердің жиі кездесуі. Сонымен қатар, Алмалыда көне түркі руникалық және соғдылық эпиграфикаға жататын өкілдік (репрезентативті) ескерткіштердің молдығын да ерекше атап өткен жөн.

Таңбалы мен Алматы петроглифтері орналасқан аймақ бір қарағанда табиғи жағынан өзара ұқсас болып келеді. Алайда оларды бір-бірінен ерекшелеп тұрған тау бөктері деуге болады. Оларды ерекшелейтін табиғи-ландшафттық тұрғыда орналасуы ғана емес, сонымен қатар жарта суреттеріндегі сюжеттер мен ірілі-кішілі суреттердің баяны, шикізат көздері мен жасалу техникасы деуге болады. Әсіресе шикізат көздері өзара ұқсас. Сондай-ақ жасалу техникасында да өзара бірегейліктер байқалады.

Қазіргі таңда Қазақстанда белгілі болған археологиялық нысандар арасынан алмалылық петроглифтер ерекшелігі бірден байқалады. Келешекте олардың ғылыми айналымға еніп, отандық археология тарихнамасының қомақты бір бөлігін құрауы сөзсіз. Алмалы археологиялық ландшафтының тарихи-мәдени маңызы келешекте нақты ашылады деп күтілуде. Осынау ғасырлар қойнауынан келе жатқан тарихи дереккөзін сурет бедерлерінен анық көрінетін болады. Сонымен қатар мұндағы бейнелердің әр заманда өзгерістерге ұшырауын адам баласының дүниетанымының өзгеруімен түсіндіруге болады. Қазақ руларының таңбалары түркі дәуірінен, тіпті одан бұрынғы кезеңдермен жалғасып жатқан рухани және заттай құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Тіпті кейбір таңбалар түркі заманындағы келбетін жоғалта қоймаған жоқ. Оларды талдау келешектегі ізденістерге арқау болары сөзсіз.

Шу-Іле тауларындағы петроглифтер жай ғана жартастағы суреттер емес, олар – ежелгі адамдардың тілі, тарихы мен руханиятының көрінісі. Бүгінде бұл құнды мұраны зерттеу әрі сақтау ғылыми жұртшылық пен қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Әдебиеттер

- Bayarsaikhan, 2021 — *Bayarsaikhan J.* Fish depictions in the deer stones. *Turkic Studies Journal*, 2021. 3(2). С. 44–53.
- Damchaabadgar, Basandorj, Natsag, 2023 — *Damchaabadgar S., Basandorj B.-O., Natsag B.* The newly discovered deer stones from the Uvs aimag. *Studia Archaeologica*. 2023. 42(1). P. 40—48.
- Дьяконов, 1956 — *Дьяконов М.М.* Искусство Средней Азии. Всеобщая история искусств. Том I. М.: Искусство, 1956. 1080 с.
- Esin, Magail, Yeruul-Erdene, Gantulga, 2017 — *Esin Y., Magail J., Yeruul-Erdene C., Gantulga J.* Paint on Deer Stones of Mongolia. *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia*. 2017. 45(3). P. 79—89.
- Geological Survey of Kazakhstan, 2025 — *Geological Survey of Kazakhstan. (2018—2023)*. U.S. Geological Survey. Reston, Virginia, 2025. 24 p.
- Горячев, Сараев, Егорова, 2023. — *Горячев А.А., Сараев В.В., Егорова Т.А.* Исследования археологических памятников эпохи палеометалла в Алматинской области в 2022 году. *Margulan readings – 2023: proceedings of the International scientific and practical conference (almaty, March 30 - 31, 2023)*. In 2 volumes. Almaty: Margulan Institute of archaeology. 2023. Vol. 1. P. 70-77.
- Jamsranjav, Houle, 2024 — *Jamsranjav, B., Houle, J.-L.* Deer stones in the territory of Zuunkhangai sum, Uvs aimag. *Studia Archaeologica*. 2024. 45(2). P. 69—92.
- Қуандықов, Байпаков, Құрманқұлов, 2011 — *Қуандықов, Б., Байпаков, К., Құрманқұлов, Ж.* Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. — 504 с.
- Құрманқұлов, Байғунаков, 2008 — *Құрманқұлов, Ж.Қ., Байғунаков, Д.С.* Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). Алматы: КИЕ, 2008. 192 б.
- Макимова, 1958 — *Макимова А.Г.* Дневник Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1958 г. Материалы архива института археологии имени А.Х.Маргулана. Ф. 2. Д. 2. Л. 55.

- Маргулан, 1986 — *Маргулан А.Х.* Казахское народное прикладное искусство. Т. 1. Алма-Ата.: Өнер, 1986. 256 с.
- Марьяшев, Горячев, 2002 — *Марьяшев А.Н., Горячев А.А.* Наскальные изображения Семиречья. Алматы, 2002. 234 с.
- Мушкетов, 1906 — *Мушкетов И.В.* Туркестан. Геологическое и орографическое описание по данным, собранным во время путешествий с 1874 г. по 1880 г. СПб., 1906. Т.2. 30 с.
- Нургалиева, 2024 — *Нургалиева А.Б.* Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. География және табиғат. 2024. №3. 27-29 бб.
- Недзвецкий, 1909 — *Недзвецкий В.Е.* Об экскурсии В. Е. Недзвецкого по обследованию в географическом и естественно-историческом отношении горного хребта, разделяющего долину реки Копа от нижней части Илийской долины. Верный, 1909. Т.514. С. 082-103.
- Ожерельев, Сала, Деом и др. 2025 — *Ожерельев Д.В., Сала Р., Деом Ж.-М.* и др. Комплекс палеолитических местонахождений Карашагыл в Чу-Илийских горах (Южное Прибалхашье). Краткие сообщения Института археологии. 2025. С. 7-21.
- Омаров Қ.М. Іле-Алатау ұлттық саябағының туриздегі рөлі. Ізденіс. 2018. №1. Б.281-285
- Рогожинский, Тишин, 2018 — *Рогожинский А.Е., Тишин В.В.* Комплекс рунических надписей и тамга-петроглифов долины Алмалы в Семиречье. Ученые записки музея-заповедника «Том-ская писаница». Кемерово: Кузбассвузиздат, 2018. С. 77–91.
- Рогожинский, 2020 — *Рогожинский А.Е.* Наскальная живопись Семиречья: новые открытия и далекие древние связи. Актуальные вопросы изучения истории, международных отношений и культур стран Востока. Алматы, 2020. С. 37-48.
- Рогожинский, Калдыбаева, 2024 — *Рогожинский А.Е., Калдыбаева Г.А.* Казахские тамга-петроглифы Чу-Илийского междуречья: датировка, локализация, идентификация. Археологические вести. Институт истории материальной культуры РАН. СПб., 2024. С. 186-200.
- Рогожинский, 2024 — *Рогожинский А.Е.* Памятники раннесредневековых кочевников Семиречья: локализация и типология. Марғұлан оқулары — 2024. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Баянауыл, Павлодар, 23—25 мамыр 2024 ж. Алматы. 2024. 63–77 бб.
- Самашев, Жетібаев, 2005 — *Самашев З., Жетібаев Ж.* Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы). Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2005. 132 б.
- Samashev, Aitkali 2022 — *Samashev Z., Aitkali A.* Preliminary results of the research into the sites of the Xianbei period in the Kazakh Altai. Теория и практика археологических исследований. 2022. Т. 34. С.177–194.
- Zheleznyakov, Sapatayev, Biver, 2020 — *Zheleznyakov B., Sapatayev S., Biver J.* Tamgaly (Kazakhstan), Petroglyphs within the Landscape. Encyclopedia of Global Archaeology Chapter: Living reference work entry Publisher: Springer International Publishing. 2020. P.10484-10489.
- Шер, 1980 — *Шер Я.А.* Петроглифы Средней и Центральной Азии. М.: Наука, 1980. 163 с.

References

- Bayarsaikhan, 2021 — *Bayarsaikhan J.* Fish depictions in the deer stones. *Turkic Studies Journal*, 2021. 3(2). Pp. 44–53. [in Eng]
- Damchaabadgar, Basandorj, Natsag, 2023 — *Damchaabadgar S., Basandorj B.-O., Natsag B.* The newly discovered deer stones from the Uvs aimag. *Studia Archaeologica*. 2023. 42(1). P. 40–48. [in Eng]
- Dyakonov, 1956 — *Dyakonov M.M.* *Iskusstvo Sredney Azii. Vseobshchaya istoriya iskusstv* [The art of Central Asia. Universal Art History]. Vol. I. М.: Iskusstvo, 1956. 1080 p. [in Russ]
- Esin, Magail, Yeruul-Erdene, Gantulga, 2017 — *Esin Y., Magail J., Yeruul-Erdene C., Gantulga J.* Paint on Deer Stones of Mongolia. *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia*. 2017. 45(3). P. 79–89. [in English]
- Geological Survey of Kazakhstan, 2025 — *Geological Survey of Kazakhstan. (2018–2023)*. U.S. Geological Survey. Reston, Virginia, 2025. 24 p. [in Eng]
- Goryachev, Saraev, Egorova, 2023. — *Goryachev A.A., Saraev V.V., Egorova T.A.* Issledovaniya arkheologicheskikh pamyatnikov epokhi paleometalla v Almatinskoy oblasti v 2022 godu. [Investigations of archaeological sites of the Paleometallic epoch in the Almaty region in 2022]. *Margulan readings – 2023: proceedings of the International scientific and practical conference (almaty, March 30 - 31, 2023)*. In 2 volumes. Almaty: Margulan Institute of archaeology. 2023. Vol. 1. P. 70-77. [in Rus]
- Jamsranjav Houle, 2024 — *Jamsranjav, B., Houle, J.-L.* Deer stones in the territory of Zuunkhangai sum, Uvs aimag. *Studia Archeologica*. 2024. 45(2). pp. 69-92. [in Eng]
- Kuandykov, Baipakov, Kurmankulov, 2011 — *Kuandykov, B., Baipakov, K., Kurmankulov, Zh.* Kazakhstan Respublikasynyn tarikhi zhane madeni eskertkishterinin zhinagy. *Kyzylorda oblysy*. [Kazakhstan Respublikasynyn tarikhi zhane madeni eskertkishterinin zhinagi. Kyzylorda oblysy]. Almaty: Aruna, 2011. – 504 p. [in Kaz]
- Kurmankulov, Baygunakov, 2008 — *Kurmankulov, Zh.K., Baygunakov, D.S.* Kazakstannyn kola dauiri (zerttelu tarikhy men negizgi maseleri). Almaty: KIE, 2008. 192 b. [in Kaz]

- Maksimova, 1958 — *Maksimova A.G.* Dnevnik Yuzhno-Kazakhstanskoy arkheologicheskoy ekspeditsii 1958 g. [Diary of the South Kazakhstan archaeological expedition of 1958]. Archive materials of the Institute of Archeology named after A.H. Margulan. F. 2. D. 2. L. 55. [in Russ]
- Margulan, 1986 — *Margulan A.H.* Kazakhskoye narodnoye prikladnoye iskusstvo [Kazakh folk applied art]. Volume 1. Alma Ata.: Oner, 1986. 256 p. [in Russ]
- Maryashev, Goryachev, 2002 — Maryashev A.N., Goryachev A.A. Naskalnyye izobrazheniya Semirechia [Rock paintings of Semirechye]. Almaty, 2002. 234 p. [in Russ]
- Musketov, 1906 — *Musketov I.V.* Turkestan. Geologicheskoye i orograficheskoye opisaniye po dannym. sobrannym vo vremya puteshestviy s 1874 g. po 1880 g. [Turkestan. Geological and orographic description based on data collected during travels from 1874 to 1880]. St. Petersburg, 1906. Vol.2. 30 p. [in Russ]
- Nurgalieva, 2024 — *Nurgalieva A.B.* Tau zhynystary men mineraldardyn zhiktelui. Geography of zhane tabigat. 2024. №3. 27-29 bb. [in Kaz]
- Nedzvetsky, 1909 — *Nedzvetsky V.E.* Ob ekskursii V.E. Nedzvetskogo po obsledovaniyu v geograficheskom i estestvenno-istoricheskom otnoshenii gornogo khrebta. Razdelyayushchego dolinu reki Kopa ot nizhney chasti Iliyskoy doliny [On the excursion of V.E. Nedzvetsky on the geographical and natural-historical survey of the mountain range separating the valley of the Kopa River from the lower part of the Ili Valley]. Verny, 1909. Vol.514. pp. 082-103. [in Russ]
- Necklaces, Sala, Deom, etc. 2025 — *Necklaces D.V., Sala R., Deom J.-M., etc.* Kompleks paleoliticheskikh mestonakhozhdeniy Karashagyl v Chu-Iliyskikh gorakh [The complex of Paleolithic Karashagyl localities in the Chu-Ili Mountains (Southern Balkhash region)]. Brief reports from the Institute of Archaeology. 2025. pp. 7-21. [in Russ]
- Ozhereliev, Sala, Deom et al. 2025 — *Ozhereliev D.V., Sala R., Deom J.-M. et al.* The Karashagyl complex of Paleolithic sites in the Chu-Ili Mountains (Southern Balkhash region). Brief communications of the Institute of Archaeology. 2025. P. 7-21. [in Russ]
- Omarov, 2018 — Omarov K.M. Ile-Alatau ulttyk sayabagynyn tourismdegi roli. (The role of Ile-Alatau National Park in tourism) Izdenis. 2018. No. 1. B.281-285 [in Kaz]
- Rogozhinsky, Tishin, 2018 — *Rogozhinsky A.E., Tishin V.V.* Kompleks runicheskikh nadpisey i tamga-petroglifov doliny Almaly v Semirechye. [Complex of runic inscriptions and tamga-petroglyphs of the Almaly valley in Semirechye]. Scientific notes of the Tomskaya Pisanitsa Museum-Reserve. Kemerovo: Kuzbassvuzizdat, 2018. pp. 77-91. [in Russ]
- Rogozhinsky, 2020 — *Rogozhinsky A.E.* Naskalnaya zhivopis Semirechia: novyye otkrytiya i dalekiye drevniye svyazi [Rock art of the Semirechye: new discoveries and distant ancient connections]. Current issues of the study of history, international relations and cultures of the East. Almaty, 2020. pp. 37-48. [in Russ]
- Rogozhinsky, Kaldybayeva, 2024 — *Rogozhinsky A.E., Kaldybayeva G.A.* Kazakhskiy tamga-petroglify Chu-Iliyskogo mezhdurechia: datirovka. lokalizatsiya. identifikatsiya. [Kazakh Tamga-petroglyphs of the Chu-Ili interfluvium: dating, localization, identification]. Archaeological news. Institute of the History of Material Culture of the Russian Academy of Sciences, St. Petersburg, 2024, pp. 186-200. [in Russ]
- Rogozhinsky, 2024 — *Rogozhinsky A.E.* Pamyatniki rannesrednevekovykh kochevnikov Semirechia: lokalizatsiya i tipologiya [Monuments of Early Medieval nomads of Semirechye: localization and typology]. Margulan okulary — 2024. Halykaralyk gylym-tajiribelik conference materials. Bayanaul, Pavlodar, 23-25 Mamyr 2024 Almaty. 2024. 63-77 bb. [in Russ]
- Samashev, Zhetibaev, 2005 — *Samashev Z., Zhetibaev Zh.* Kazakh petroglyphs (kone tamyri men sabaktastygy). (Kazakh petroglyphs: their ancient roots and continuity) Almaty: Il-Tech-Kitap, 2005. 132 b. [in Kaz]
- Samashev, Aitkali 2022 — *Samashev Z., Aitkali A.* Preliminary results of the research into the sites of the Xianbei period in the Kazakh Altai. Theory and practice of archaeological research. 2022. Vol. 34. pp.177-194. [in Eng]
- Zheleznyakov, Sapatayev, Biver, 2020 — *Zheleznyakov B., Sapatayev S., Biver J.* Tamgaly (Kazakhstan), Petroglyphs within the Landscape. Encyclopedia of Global Archaeology Chapter: Living reference work entry Publisher: Springer International Publishing. 2020. p.10484-10489. [in Eng]
- Sher, 1980 — Sher Ya.A. Petroglify Sredney i Tsentralnoy Azii. [Petroglyphs of Central and Central Asia]. M.: Nauka, 1980. 163 p. [in Russ]

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov)	342

HISTORY

Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	354
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	368
Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	386
Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	400
Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	414
Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	432
Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	447
Kozybayeva M.M. THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S.....	465
Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	481
Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	502
Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931).....	519
Toktarbayuly A. THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE).....	530
Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	549
Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	565

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES	584
Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	599

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСİNДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	342

ТАРИХ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНІРЛІК БАСҚАРУДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	368
Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ.....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	432
Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С. ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	447
Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ.....	465
Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.).....	481
Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ.....	502
Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	519
Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД.....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН.....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	599

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....	300
Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....	315
Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....	329
Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....	342

ИСТОРИЯ

Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....	354
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....	368
Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....	386
Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....	400
Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.).....	414
Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....	432
Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....	447
Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ.....	465
Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.).....	481
Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....	502
Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....	519
Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....	530
Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	549
Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.).....	565

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....	584
Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....	599

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй